

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 19 тамыз N 924. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібінде:

5-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген экспорты лицензия бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесінде:

м ы н а :

"Қара металдардың қалдықтары мен 7204

сынықтары; қайта қорытуға арналған
қара металдар құймалары (шихталық
қ ұ й м а л а р)

Темір жол немесе трамвай 7302-ен*

жолдарына пайдалануға арналған
қара металдар бұйымдары:
рельстер, рельстерді қосуға және
бекітуге арналған қатырма рельстер
және тісті рельстер, ауыстырғыш
рельстер, нығарланып
қиыстыратын шаңбақтар,
ауыстырғыш аспалар және басқа да
көлденең жалғағыштар, түйістіруші
жапсырмалар және астарлар,

сыналар, тірек тақталары, ілмекті
рельс бұрандалары, көпшіктер
және тартқылар, көтерме аяқтар,
көлденең белдіктер және басқа да
б ө л ш е к т е р

Темір жол немесе трамвай 8607*

локомотивтерінің немесе жылжымалы
қ ұ р а м н ы ң б ө л і к т е р і

Мыс қалдықтары мен сынықтары 7404 00

Өңделмеген қайталама алюминий 7601 20 910,

қорытпалар: кесек түрінде басқалар 7601 20 990, 7603-7616
және олардан жасалған бұйымдар (тек қайталама

қ о р ы т п а л а р д а н) "

деген жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі